

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан

*E-mail: q.rysbergen@tilbilimi.kz

АЛМАТЫНЫҢ ГОДОНИМДІК ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аннотация. Мақалада Алматы қаласының ономастикалық кеңістігінің маңызды тілдік бөлшегі ретінде годонимдердің лингвистикалық, тарихи, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктері, олардың сандық-сапалық көрсеткіштері айқындалады. Алматы қаласының годонимдері тұрғындар мен қонақтардың, туристердің тілдік, мәдени және әлеуметтік-эстетикалық санасын қалыптастыратын, негізгі бағыттық маңызы бар объект болғандықтан аса зерттеуді қажетсінеді. Қала сан түрлі реформалар мен тарихи процесстердің куәгері болғандықтан, көше атауларының тілдік ерекшеліктерін зерттеу ұлттық мағынаға ие атаулардың үлесін, олардың даму бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндік береді. Шаһардың ономастикалық атаулары, оның ішіндегі годонимдер әлемдік, халықаралық ақпараттық кеңістікке еркін еніп, кең көрініс тауып келеді. Оны google map, Yandex map электрондық карталарынан, 2ГИС мобильді қосымшаларынан байқауымызға болады. Бұл карталардағы қаланың годонимдік атаулары халықаралық латын графикасында не орыс тілінде танбаланып келеді. Алматы қаласының годонимиясын (көше және метро атауларына байланысты) бірізділендіруге, оны ұтымды үйлестіруге қатысты нақты ұсыныстар берілді. Жер-су атаулары тек мекен-жайлық, бағдарлық қызметтен өзге ерте кезде жерімізді мекен еткен өркениеттер мәдениетінен, халқымыздың өткен өмірінен хабардар ететін тарихи жады, баға жетпес рухани қазынасы, мәдени-тілдік феномен. Еліміздің ономастикалық жүйесіндегі атаулар тек өз тілімізге, қажеттілігімізге ғана қызмет етіп қоймай, халықаралық қауымдастыққа да қолжетімді болу үшін алдымен өз тілімізде нормаландыру аса қажет.

Тірек сөздер: ономастика, топоним, годоним, көше атаулары, Алматы

Қ. Рысберген,^{1*} Д. Садық¹

¹Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынова, Алматы, Казахстан

*E-mail: q.rysbergen@tilbilimi.kz

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ГОДОНИМИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ АЛМАТЫ

Аннотация. В статье раскрываются лингвистические, исторические, культурные, социальные особенности топонимов, их количественно-качественные показатели как важной языковой части ономастического пространства города Алматы. Топонимы города Алматы требуют особого изучения, поскольку являются основным значимым объектом, формирующим языковое, культурное и социально-этическое сознание населения, гостей и туристов. Поскольку город является свидетелем многочисленных реформ и исторических процессов, изучение языковых особенностей, улицы позволяют определить названий, имеющих национальное значение, а так же их

развития. Ономастические названия города, в том числе годонимы, свободно вписываются в мировое, международное информационное пространство и находят широкое отражение. Его можно наблюдать на электронных картах Google map, Yandex map, мобильных приложениях 2ГИС. Годонимические названия города на этих картах передаются на международной латинской графике либо на русском языке. В статье проведен синхронный и диахронный, сравнительно-статистический анализ улиц г. Алматы, определена доля национальных наименований и классифицированы по семантическому типу. Даны конкретные рекомендации по унификации годонимии города Алматы (названий улиц и метро). Топонимы – это не только адресная, маршрутная деятельность, но и историческая память, бесценное духовное сокровище, культурно-языковой феномен, информирующий о культуре цивилизаций, населявших нашу землю, о прошлом нашего народа. Для того, чтобы названия в ономастической системе страны служили не только нашему языку, потребностям, но и были доступны международному сообществу, необходима нормализация в нашем языке.

Ключевые слова: ономастика, топоним, годоним, названия улиц, Алматы.

K. Rysbergen^{1*}, D. Sadyk¹

¹A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

*E-mail: q.rysbergen@tilbilimi.kz

LINGUISTIC FEATURES OF THE GODONYMIC SYSTEM OF ALMATY

Abstract. The article reveals the linguistic, historical, cultural, social features of godonyms, their quantitative and qualitative indicators as an important linguistic part of the onomastic space of the city of Almaty. The godonyms of the city of Almaty require special study, since they are the main significant object that forms the linguistic, cultural and socio-ethical consciousness of the population, guests and tourists. Since the city is witnessing numerous reforms and historical processes, the study of linguistic features, streets allow you to identify names of national importance, as well as their development. Onomastic names of the city, including godonyms, freely fit into the world, international information space and are widely reflected. It can be observed on electronic maps google map, Yandex map, mobile applications 2GIS. The city's godonymic names on these maps are transmitted in international Latin graphics or in Russian. The article carried out a synchronous and diachronic, comparative statistical analysis of the streets of Almaty, determined the proportion of national names and classified by semantic type. Specific recommendations are given on the unification of the city of Almaty's godonymy (street and metro names). Land and water names, in addition to their address and orientation activities, are an invaluable spiritual treasure, a cultural and linguistic phenomenon, a historical memory that tells about the past life of our people, the culture of civilizations that inhabited our land in ancient times. In order for names in the country's onomastic system to serve not only our own language, our needs, but also become accessible to the international community, it is necessary to normalize them in our own language.

Key words: onomastics, toponym, godonym, streets, Almaty.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болып, егемендік жариялағаннан бергі кезеңнен тіліміздің ономастикалық кеңістігіндегі атаулар кең халықаралық қолданысқа

түсіп отыр. Еліміздің облыс, қала, аудан, ауылдары қазақы шапандарын жамылып, тарихи атауларын жандадырып келеді. Соның бірі – Алматы қаласы.

Алматы қаласы – еліміздің ең ірі мегаполисі. Ол Қазақстанның мәдени, тарихи, экономикалық орталығы болып табылады. Алматы Іле Алатауының бөктерінде, Тянь-Шаньның солтүстік жотасының етегінде, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында, Еуразия құрлығының орталығында орналасқан. Қаланың шетінде Медеу және Шымбұлақ тау шаңғысы орталығы секілді көптеген спорт кешендері, альпинист туристік лагерлер, демалыс орталықтары салынған.

Алматы қаласының атауының шығу тарихы, этимологиясы жөнінде күні бүгінге дейін баспасөз беттерінде бұрынғы Алма-Ата атауын қайтару керек деген және Алматы қаланың ежелден келе жатқан тарихи көне түркілік атауы деген қызу пікірталас жалғасып келеді. Сарапшы тіл мамандары өз пікірін беріп, Алматы тарихи топонимінің шығу төркіні көне түркі тілімен байланысты деген қағиданы берік ұстанады. Өйткені 1921 жылы Алма-Ата деп тек орыс тілінде жазылған қала атауының қосарланған нұсқасы пайда болды. Бірақ сол 1921 жылдан күні бүгінге дейін қазақ тіліндегі Алматы нұсқасын қолдану, жазу 1995 жылға дейін де қатар жүрді. Қазіргі кезде мегаполис атауы бір тілде, қазақ тілінде Алматы болып жазылады және ағылшын тіліндегі транслитерациясы да қазақ тіліндегі нұсқасына сүйеніп беріледі: *Almaty*.

Қазақстан Республикасы КСРО-дан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстан аумағында көптеген орыс тіліндегі көшелер мен мектептер және тағыда басқа ұйым атаулары қазақ тіліне аударылды. Қазіргі таңда Алматы қаласында 2500 көше атауы бар. Годонимдерге мегаполистің жалпы урбанонимдік жүйесіндегі қала ішілік желілік нысандар жатады – даңғыл, көше, бульвар, жағалау және т.б. атаулар. Көше атаулары маңызды қаланың тілдік ландшафтында кеңістік құраушы, мәдени компоненті бар элементтерге жатады. Бұл жөнінде ресейлік ономаст М.Годомидова былай дейді: «Будучи особым разрядом топонимии и выполняя, подобно иным топонимам, адресную и ориентирующую функции, урбанонимы теснейшим образом связаны с городской культурой, с обликом и обустройством городских поселений, с особенностями социокультурных ценностей и норм, специфицирующих человеческое взаимодействие и уклад жизни в городских сообществах» (Голодимова 2017: 185).

Алматы шаһары инфрақұрылымында аса маңызды орны бар және тұрғындар мен шетелдік қонақтар үшін тартымды әрі танымал имидждік нысандар жетерлік. Олардың кейбіреуін атасақ, Көктөбе, Медеу, Шымбұлақ, Республика алаңы, алматылық Арбат, көптеген театрлар, музейлер мен сауда, ойын-сауық орталықтары, өзге де демалыс орындарын атауға болады.

«Годонимдер көше сызықтарының бойымен барша ауданды қамти отырып, қаланың негізгі құрылымының көрінісін сипаттайды. Қаланың тілдік келбеті ретінде санағанда оның осы ауқымдылығы негізге алынады. Годонимдер ақпараттық қызметімен де маңызды. Оны мынандай екі бағытта қарауға болады: 1. Бағыттылығы, яғни белгілі бір нысанның қайда орналасқанын, яғни мекенжайды көрсетеді. Пошта қызметінен бастап, жеке адамдардың қатынасына дейінгі аралықтағы барлық байланыстарды реттеуге қолайлылық тудырады. *Әлеуметтік қызметі* – Астананың тілдік бейнесімен қатар тілдік өмірінің де бір тарауы. 2. Қаланың рухани келбетінің мазмұны туралы ақпараттар береді. Ал рухани келбеті қаланың ғана емес, жалпы ұлттың тілдік мәдениетімен тікелей сабақтас» (Жарқынбекова, Әбдуәлиұлы, т.б. 2016: 81).

Жер-су атаулары тек мекен-жайлық, бағдарлық қызметтен өзге ерте кезде жерімізді мекен еткен өркениеттер мәдениетінен, халқымыздың өткен өмірінен хабардар ететін

тарихи жады, баға жетпес рухани қазынасы, мәдени-тілдік феномен.

Еліміздің ономастикалық жүйесіндегі атаулар тек өз тілімізге, қажеттілігімізге ғана қызмет етіп қоймай, халықаралық қауымдастыққа да қолжетімді болу үшін алдымен өз тілімізде нормаландыру аса қажет.

Бұл бағытта 30 жыл ішінде еліміздің, елді мекендеріміздің ономастикалық кеңістігін ұлттандыруға қатысты көптеген шаруалар атқарылды деуге болады. Олар туралы арнайы басқосуларда, бұқаралық ақпарат құрал көздерінде үнемі айтылып келеді, сондықтан біз нақты Алматы қаласының көше, даңғыл, метро стансаларының атауларының номинациясына қатысты өзекті мәселелерге тоқталмақпыз.

Алматы қаласының урбанонимдік ландшафтын секторларға бөлетін болсақ, алдымен ол – көше атаулары, алаң, саябақ, жаңа құрылыс, тұрғын үй кешен атаулары, ғимарат маңдайшаларындағы мекеме, компания, меншік иелігіне қарамайтын кәсіпорын, ұйымдар, сауықтыру, көңіл көтеретін демалыс орындары, толып жатқан сауда-саттық нысандары және т.с.с. атаулар жатады.

Мақаламыздағы басты зерттеу нысаны – Алматы қаласының көше атаулары. Алматы қаласының көшелері бүгінгі күнге дейін лингвистикалық тұрғыдан өте аз зерттелген. Алматы қаласына арналған түрлі кітаптар, танымдық жинақтар, энциклопедиялар мен сөздіктер «Алматы көшелері. Анықтамалық энциклопедиясы» (Алматы қаласының көшелері анықтамалығы 2019: 485) болғынмен, олардың барлығын лингвистикалық сипаттағы жұмыстар деп санауға болмайды. Онда көше атаулары тек тарихи-мәдени тұрғыдан зерделенген. Көше атаулары урбанонимдік қабатқа кіретін қалалық кеңістіктің бір түрі. Ал эргоним алаңдардың, базарлардың, маңдайшалардың, дүкендердің, көшелердің және т.б. қаланың лингвистикалық ландшафтын құрайтын атаулардан тұрады. Алайда ономастика кеңістігінде көше атауларына бөлек термин телінген. Ғалым Н.В. Подольскаяның орыс ономастикалық терминологиясының сөздігінде (*Подольская 1988: 192*) терминнің анықтамасын былайша берген: «Годоним – грек тілінен шыққан *hodos* – жол, көше, арна деген мағынаны білдіретін елді мекендегі сызықтық объектілердің атауы, оның ішінде даңғыл, көше, аллея, өтпе жол, бульвар, жағалау және т.б. кіреді».

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысының эмпирикалық материалдарына негізінен Алматы қаласының 2018 ж., 2020 ж. карта-схемалары, *Almaty 2ГИС (2gis 2021)* электрондық картасы және Алматы энциклопедиясы сияқты ақпараттық, тарихи-мәдени, этимологиялық сипаттағы еңбектер жұмылдырылды. Тарихи Верный бекінісі, оның әкімшілік-аумақтық құрылысы, аудандар мен көшелерге бөлінуі туралы тарихи мәліметтер де зерттеуге қажет материалдардың бірі болды. Алматы қаласының зерттеушісі В. Н. Проскуриннің (Проскурин 2018: 75-85) мақалаларында қаланың алғашқы даңғылдары, көшелердің кейбір ескі, революцияға дейінгі атауларының этимологиясы берілген. Бұл да зерттеу жұмысының тарихи-лингвистикалық мәнін ашуға септігін тигізді. Негізгі тілдік материал 2019 жылы шыққан «Алматы қаласының көшелері анықтамалығынан» алынды. Зерттеу барысында аталмыш мәселе бойынша теориялық әдебиеттерді саралау, зерттеудің ұғымдық-терминдік дефинициясын қарастыру, эмпирикалық-тәжірибелік байқау әдісі, жүйелеу, топтастыру, статистикалық өңдеу тәсілдері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Ресей ономастикасында урбанонимдік сектор едәуір жақсы зерттелген, көптеген

мысалдарды уқелтіруге болады. Мәселен, зерттеу барысында біздің нысанға алынған еңбектер годонимдерді қай бағытта қарастыру керектігі туралы түсінік береді. Е.А.Яковлеваның (Яковлева 1996: 78-83) мақаласында Уфаның урбонимикасы лингвомәдени, әрі семиотикалық аспектіде қарастырылған (1996), бұрынғы көше атауларын сипаттауда және қазіргі көше атауларын қалыптастыру әдісі бойынша жіктеуде мәдени және семиотикалық әдістермен талдау жасалған. Л. Егорованың мақаласында (Егорова 2018: 224) көше атаулары семиотикалық әрі салғастырмалы аспектіде зерттелді. Зерттеушілердің жоғарыда аталған жұмыстары годонимдердің лексикасын қарастыруға болатын бағыттарды атап көрсетіп береді.

Мәскеу қаласының годонимдерін зерттеген М. Горбаневский топонимдерді модульдік құрылым түрінде сипаттап өтті. Ол жіктеудің 2 түрін біріктіруге тырысты: оның бірі лексикалық-семантикалық, екіншісі хронологиялық (Горбаневский 1985: 160). Бұл екі классификацияның көп бағыттылығы зерттеушіні тек қалалық топонимияны сипаттауға мүдделі етеді. Бір кездері лексикографиялық анықтамалықтарда антропонимия мен топонимияны бекіту мәселесіне назар аударған зерттеуші Сталтмане бұл жұмыстардың қажеттілігін, әсіресе годонимдердің аттарын өзгерту мәселесін атап өткен. Жоғарыда айтылғандардың негізінде біз өз зерттеуімізде М.Горбаневскийдің жұмысының үлгісі бойынша Алматы қаласының кейбір годонимдерінің мағыналық тұрпатын сипаттауға машықтанып, годонимдерді тілдік құрылымы бойынша жіктеуге және Алматының қазіргі заманғы қалалық топонимиясының классификациясын беруге тырыстық.

Алматы қаласының годонимдік жүйесінің тарихи ретроспективасы. Алматы қаласының тарихи годонимдерінің қалыптасу жолдарын қарастыратын болсақ, онда олардың жолдары трансонимизация, апелляцияны онимизациялау арқылы қалыптасқанын көруімізге болады. Тарихи годонимдерді лексика-семантикалық аспектіде жіктей отырып, біз мыналарды анықтадық:

1.1 Топонимдерден туындаған годонимдер (топогодоним). 1910 жылғы картада Верный қаласын қоршап тұрған пикеттер мен қалалардың атауларынан пайда болған: Узун-Агачская, Кастекская, Илийская, Петропавловская, Кульджинская, Талгарская, Каракольская, Капальская, Кашгарская, Нарынская, Сергиопольская, Пишпекская, Лепсинская, Иссык-Кульская, Алатавская, Каскеленская, Балхашская, Токмакская,;

1.2. Аландардың атауларынан уәждеделген көшелер: Гостинодворская, Сенная, Казар-мная;

2. Антропонимдерге негізделген годонимдер. а) орыс жазушыларының құрметіне: Пушкина, Гогольская. б) Жетісудың белгілі тұлғасы генерал Колпаковскийдің құрметіне қойылған көшелер;

3) апелляциялық лексикаға негізделген годонимдер: Сельская, Степная, Побережная, Садовая, Госпитальная, Арычная, Артиллерийская, Лагерная, Солдатская, Гончарная;

б) көшенің нысандармен байланысын анықтайтын годонимдер: Старо-кладбищенская, Кордонная

в) елді мекендердің атауларынан пайда болған годонимдер: Слободская, Станичная және т.б.

4) этнонимдер немесе қоныс аударушылар бойынша уәждеделген годонимдер: Киргизская, Дунганская, Сартовская, Таранчинская;

Тарихи кезеңнің барлық көшелері сын есімдердің құрылымдық типтерінен құралған: көбіне «какая улица?» деген сұраққа жауап береді. А. Суперанская атап өткендей: кезкелген дәуірдің топонимдері өз заманы тілінің күйін көрсетеді... олар

елді қоныстандырудың әртүрлі кезеңдеріне сәйкес келеді. Мысалы, Узун-Агачская, Исык-Кульская, Старо-кладбищенская топонимдері тек графикалық жағынан ерекшеленіп қана қоймай, қазақ топонимін орыс тілінде қабылдаумен және оны орыс тілінің лексикалық жүйесіне бейімдеумен байланысты сызықша арқылы да берілген (Суперанская 1973: 366).

Өзінің құрылымы бойынша кеңестік кезеңдегі топонимдердің басым бөлігі орыс тілінің грамматикалық заңдылықтарына толықтай бағынған. Ал тәуелсіздік алған жылдары атаулардың біразы өзгеріп, қазақы шапандарын жамыла бастады. 90 жылдар топонимиясындағы ең өзекті мәселелердің бірі – реноминация құбылысы. Алматы қаласы күрделі конгломерат болып табылады, онда оқиғалар аренасында әлеуметтік, саяси басқармаларға ықпал ету үшін әртүрлі мүдделер жинақталған. Алматы көшелері қаланың барлық кезеңінде, дәуірлер алмасуында, өз номинациясының принциптері мен модельдерінен мотивтеріне дейін әр түрлі өзгерістерге ұшыраған. Атаулардың өзгеруіне байланысты қалаішілік топонимдер үш кезеңнен өтті: революцияға дейінгі кезең, кеңестік кезең, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің қалыптасуымен және номинацияда одан әрі өзгеру мүмкіндігімен сипатталатын қазіргі кезең. Ғалым Е. Брусиловская: «...революцияға дейін Верный қаласындағы көшелердің атын өзгерту іс жүзінде болған жоқ. Николай Васильевич Гогольдің қайтыс болуының 50 жылдығына орай Штабная көшесін жазушының құрметіне өзгертілгенін айтпағанда, ешқандай күрделі реноминациялық процесстер болмаған» (Брусиловская 2005: 15) – дейді.

Кеңестік кезеңнің басында онимдердің атауын өзгерту процесстері антропонимикалық сипатта болды. Мысалы, әлемдік және аймақтық масштабтағы социализм қайраткерлерінің есімдері: Ленин, Ильич, Карл Маркс, Розыбакиев, Бокин, Емелев, Жангельдин, сонымен қатар 12-линия (сызық), 13-линия...21-линия және т.б. көптеген санмен келетін атаулардың пайда болуына себеп болды. Сондай-ақ, антропонимдерден пайда болған К.Байсейітова, Құрманғазы, Төлебаев, Масанчи, Мичурин, Пастер, Фрунзе т.б. көшелерінің пайда болғанын айта кеткен жөн. Тоталитарлық сипаттағы апеллятивті лексикадан Мир (бейбітшілік), Коммунист, Кеңестік, Октябрь сынды атаулар да топонимдік құрылымға енді.

Өріптік және сандықсипаты бар атаулар Американың топонимдік кеңістігіне қарағанда, Еуразия мен Еуропа құрлығының көптеген елдеріне тән, қалаішілік кеңестік объектілерін адам атымен атау дәстүрі бұрыннан бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, атауларды өзгерту туралы көптеген пікірталастар бар. ғалым В. Проскурин (Проскурин 2018: 85) былай деп жазады: «қаладағы алғашқы көшелердің, алаңдардың, аттарын айтпағанда, бекіністің негізін қалап кеткен тұлғалардың аты қазіргі қала топонимінде аталмайды. Тұлғаларға тән монументтердің орнына жалпыадамзаттық ескерткіш белгілер қоятын қалалар бар. Ал Алматының өткен заманынан қалған бірде-бір ескерткіш толық сақталып қалмаған. Алматыда Верный қаласы дәуірінің бірде-бір сәулет ескерткіші жоқ, Социалистік Алматының көптеген ғимараттары мен мүсіндік құрылыстары бұрмаланған немесе уақытынан бұрын қираған. Қала атауының өзгеруімен ұрпақтар сабақтастығы өзгеріп, сақталмай қалған» – деген пікірді келтіреді.

Нәтижелер және талқылау

Алматы топонимдерінің қазіргі номинациялық ерекшеліктері. Соңғы бірнеше жыл көлемінде қала шекарасы кеңейіп, іргелес жатқан елді мекендер қала құрамына енді. Негізінен көше атауларындағы бейберекеттік осы елді мекендерде кездеседі. Мәселен, әлі күнге Комсомол атауы бар Қалқаман, Өжет, Заря Востока шағынаудандарында кездеседі, ал Красноармейская атауы екі рет кездеседі, ол да Өжет пен Заря Востока

аумағында орналасқан. Ал Ленин, Ленинабад, Лениногор, Ленинск сынды қала көшелері атауларының «өміршендігін» қалай түсіндіреміз? Қазақстан тәуелсіздік алғалы 30 жыл өтсе де, коммунистік идеология, пролетариат көсемдерінің есімдері көз алдымыздан әлі күнге кетпей тұр. Бұл қатарды Мирзоян, Орджоникидзе, Карл Маркс, Энгельс, Клара Цеткин, Крупская, Куйбышев есімдері толықтыра түседі. Олар Түркісіб, Медеу, Әуезов аудандарында орналасқан. Алматы бұл жағынан жалғыз емес. Өткен жылдары Қазақстандағы облыс орталықтарының 5 мыңнан астам көше атаулары аударылған болатын, сол кезде тоталитарлық идеологияны дәріптеуші атаулардың әлі күнге кездесетіндігі қайран қалдырған. Кеңестік дәуірдің саясатын паш ететін атаулардың Республикамыздың ең ірі мәдени, ғылыми, өндірістік орталығы Алматы қаласының картасында «сайрап тұрғандығын» көргенде одан бетер қайран қалдырады. Дегенмен Алматы Әкімдігінің жанындағы Тіл саясаты басқармасы бұл бағытта көптеген шараларды іске асырып келеді, яғни қала кеңістігіндегі аты жоқ жүздеген көшелерге атау таңдап, қайталанатын топонимдерді өзгертіп, мазмұнын мейлінше ұлттандыруға қатысты біраз жұмыстар жасап келеді.

Жалпы қаладасегіз аудан мен жүз қырық алты шағынаудан және екі мың бес жүзге жуық көше бар. Тәуелсіздік алған жылдан бастап Алматы қаласындаалты жүз он көшенің атауы өзгертілген.

Алматы қаласына елді мекендердің қосылуына байланысты жаңадан Наурызбай, Алатау сынды жаңааудандар ашыла бастады. Алдын ала зерттеулерге сәйкес жаңадан қосылған елді мекендерде төрт жүз елу жеті көше атауы анықталған болатын. Бұл көше атауларының үш жүз отыз жетісі қаладағы көптеген көшенің атауын қайталайтын болып шықты. (Алматы көшелері. Анықтамалық энциклопедия 2009: 98). Осының нәтижесіндежиырма жеті елді мекен Алматының аумағына еніп, атаулары қайталанатынтөрт жүзден астам көше атауы өзгертілді. Жиырма жеті шағынауданның аттары ұлттық шапанын киіп, тарихи және дәстүрлі атаулармен өзгертілді.

Шаһардағы көше атауларының басым бөлігі орыс тілінің грамматикалық заңдылығына сай әрі сын есімді тіркестермен келетінін байқадық.

Алматы қаласындағыкөше атауларының негізі болған уәждерді мынандай ретпен классификациялауға болады:

1-кесте – Алматы қаласындағыкөше атауларының жіктелуі

Апеллятивтік лексемамен уәждеген	Мәртебе көшесі, Бейбітшілік көшесі, Ынтымақ көшесі
Шартты номинациямен уәждеген	Жібек жолы көшесі, <i>Ұлағат</i> , Табиғат көшесі көшелері
мифонимдермен детерминденген	Желмая, Қамар сұлу, Қамбар батыр, Мамыр және т.б.
Антропонимдермен уәждеген	
жоңғар шапқыншылығынан туған жерін қорғаған батыр, хандардың есімдері негізінде жасалған	Керей-Жәнібек хандар, Наурызбай батыр, Абылай хан, Қазыбек би, Райымбек, т.б.
Ұлы Отан соғысы батырлары	Ә.Молдағұлова, Р.Қошқарбаев, Т. Бигелдинов, т.б.
Қала тарихымен тығыз байланысты тұлғалар	А. Зенков, П.Г урдэ, Н.Рипинский, В.Кимкөшелері
Алаш зиялылары, қазақ, орыс өнері, әдебиеті, ғылым қайраткерлері	М.Дулатов, Абай, Ақын Сара, Чайковский, Гоголь, Шевченко және т.б.

Алматы қаласындағы көше атауларын әрі қарай көптеген лексика-семантикалық

топтарға жіктелетіндігін көрсете беруге болады.

Алматыға қаладағы басқа да елді мекендер қосылды, жаңадан аудандар, шағын-аудандар салынды, соның себебімен жүздеген аты жоқ көшелерге ат қою қажеттігі туындады. Ал Алматы қаласы әкімдігіне қарасты. Ешқандай атауы жоқ көше атаулары мен шағынаудандарға ұлттық танымдағы атаулар қойыла бастады. Мәселен, қазақтың ойын атаулары, салт-дәстүр мен заттық мәдениетке байланысты, музыкалық шығарма атауларынан сұрыпталып алынды.

2021 жылы 29 желтоқсанда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды. Бұл заң ономастикалық кеңістігіміздің, қалаіші тілдік ландшафтының ұлттық мазмұнын арттыруға бағытталған. Көше, даңғыл, алаң т.б. атауларын, сондай ақ көрнекі ақпараттардың мемлекеттік тілде жазылуын қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, жарнама, маңдайшалар, хабарландыру, жол белгілеріндегі жазбалар, ас мәзірлері және басқа да көрнекі ақпараттар тек қазақ тілінде жазылатын болады. Осы уақытқа дейін әр саладағы көрнекі ақпарат мәтіндерінің сапасы жайлы сын пікірлер жиі айтылды. Бұл, әсіресе, маңдайшалар мен хабарландыру, жарнама мәтіндерінен анық көрінді. Еліміздің ірі қалалары мен мегаполистеріндегі көптеген коммерциялық нысандар мен сауда-саттық орталық, шаштараз, мейрамхана, кафе, өзге де қоғамдық тамақтану нысандардың маңдайшалары ағылшын тілінде жазылатындығы белгілі. Осы ретте басымдылық мемлекеттік тілге беріліп отырғандығы қуантады, қоғам санасының шамадан тыс вестернденуіне, батыстық үрдіске еліктеуіне біршама тосқауыл болады. Заң аясында осындай олқылықтарға жол бермей, мемлекеттік тілдегі көрнекі ақпараттың барлық критерийлері бойынша әлеуетін арттырған дұрыс. Ол үшін көрнекі ақпарат мәтінінің қазақ тілінде қатесіз әрі жатық рәсімделуіне баса назар аударылуын қамтасыз ету керек. Сондай-ақ, заң мемлекеттік емес ұйымдарға бланкілері мен маңдайшаларын қазақ тілінде жазуын міндеттейді. Қажет болған жағдайда ғана басқа тілдерде ұсынуға болады.

Осы заң аясында әкімшілік-аумақтық бірліктердің, елді мекендердің құрамдас бөліктерінің, сондай-ақ басқа да физика-географиялық нысандардың дәстүрлі, тарихи қалыптасқан атаулары тек мемлекеттік тілде жазылатын болады. Алдағы уақытта Ақмешіт, Жидебай, Бозоқ, Қозыбасы, Жасыбай, Ерейментау сынды тарихи атаулардың барлығы тек қазақша жазылады. Бұл заңның жүзеге асуына жаңа қазақ жазуы да игі ықпал етпек. Өйткені елді мекендер мен т.б. топонимикалық атаулардың теклатын графикалық қазақ жазуымен жазылуы барлық қазақстандықтар мен шетелдіктердің оқуына жеңіл болатыны белгілі. Еліміздегі, Алматы қаласындағы барлық көрнекі ақпараттардың, жол белгілері, мегаполистегі годонимдер, метро стансаларының атаулары 100 % қазақшаланатын болды. Метроларға ат қою үдерісі Мәскеу қаласында заңды жолға қойылған, арнайы Мәскеу қаласының ономастикалық атауларға қатысты заңы да бар, сол тәжірибенің кейбір тұстары біздің метро стансаларын номинациясында пайдалы болмақ. Өйткені топонимдік атаудың басты қызметі де, міндеті де мекенжайлық, локальдау қызметі, сол бұзылмау керек.

Қорытынды

Сонымен Алматы шаһарының тілдік ландшафтында 2000 астам годонимдік атаулар жүйесі қарастырылып, зерделенді. Кеңес дәуіріндегі годонимдер мен еліміз

егемендікке ие болған тәуелсіз жылдардағы Алматы көшелерінің тілдік, сөзжасамдық сипаты талданды, аталымдарындағы уәжділік ерекшеліктері, көше атаулары репертуарындағы мазмұндық идеологиялық өзгерістер көрсетілді.

Жаңа атауды басты ұстанымдары қаланың мәдени, тарихи даму заңдылығына сай, нақты аймаққа, объектіге (мекенжайға) қатысты болуы, географиялық аумақтың табиғи-ландшафтық айырмашылықтарына сай болып, елдің мәдени, тілтанымдық құндылықтарына баса назар аударылуы шарт.

Алматы қаласы әкімдігіне қарасты Ономастикалық комиссияның мақұлдауымен біріздендірілетін көше атауларын қоспағанда, Алматы қаласының урбанонимдік ландшафтын қалыптастыру үдерісі қызу жүріп жатыр.

Ю. Лотманның мынадай пікірі құптарлық: «Ұлттық мәдениеттің үйлесімді жолмен дамуын қамтамасыз ету – оның элементтерін сақтау ғана емес, олардың өзгеруі мен басқа ұлттық-мәдени контекстке бейімделуін де қамтитындай етіп қайта кодтау. Тек осы жағдайда ғана олар өз мәдениетін жаңашылдықтармен және оның ішкі динамикасының факторларымен байытады, нәтижесінде мәдени құбылыстардың бейімделуі пайда болады» (Лотман 560: 224).

Алматы қаласының гононимдік ландшафтын тілдік, номинациялық тұрғыдан жетілдіруге байланысты бірқатар төмендегідей ұсыныстар келтіреміз:

ҚР Үкіметінің Республикалық Ономастика комиссиясы мақұлдаған (10.12. 2015 ж) «Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдардағы қала урбанонимиясына қатысты мына тармақтарды келтіреміз:

– метрополитен стансаларының атауы объектінің орналасқан аудан, көше, әкімшілік ғимаратының, табиғи, тарихи-мәдени, қала құрылысы және өзге де маңызды объектілерге сәйкес алынады;

– ұсынылатын атаулар Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетіне, мемлекеттік және қоғамдық мүддеге, моральдық және адамгершілік қағидаларына сәйкес келуі тиіс, сонымен бірге нысан атаулары атқаратын қызметіне сай ақпарат беруі тиіс»

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне (даңғылдарға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, көпірлерге) атау беру және оларды қайта атау кезінде бірінші кезекте тарихи, байырғы жер-су атаулары негізге алынады;

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылы 29 желтоқсанда қол қойған заңын басшылыққа ала отырып, қалаіші ономастикасына қатысты ғылыми-практикалық іс-шараларды қолға алу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

Голомидова М.В. (2017) Современная урбанонимическая номинация: стратегические подходы и практические решения/ Вопросы ономастики. Т. 14. № 3. С. 185–203.

Жарқынбекова Ш.Қ., Әбдуәлиұлы Б., Қоңыратбаева Ж.М., Тусупбекова М.Ж. (2017) Годонимдер жүйесі: көше атаулары қалай аталуы тиіс?.. ЕНУ Хабаршысы. – № 1

Жарқынбекова, Қоңыратбаева, т.б. (2016) // ЕНУ Хабаршысы. № 1, 81 б.

Алматы қаласының көшелері анықтамалығы. – Алматы, 2019. – 485 б.

Подольская Н. В. (1988) Словарь русской ономастической терминологии. Изд. 2-е,

перераб. и доп. / А. В. Суперанская. – М.: Наука. – 192 с.

<https://2gis.kz/almaty>

Проскурин В.Н. Город Верный с высоты Собора - в кн.: Следы империй культуры Центральной Азии от Александра Македонского до Тимуридов. – Кабул – Бишкек, 2018 г, сс. 75-85 (гл. 2-я)

Яковлева Е.А. «Город»–«Урботекст»–«Коллективный горожанин»: К проблеме составления коммуникативной модели // Вестник Башкирского университета, 1996, No 2. С. 78-83.

Егорова Л.В. (2018) К вопросу изучения годонимов в современной парадигме лингвистических исследований / Вестник Чувашиского университета. № 2. С. 224-233.

Горбаневский М.В. (1985) Имена земли Московской. – М.: Московский рабочий. –160 с.

Суперанская А.В. (1973) Общая теория имени собственного. Москва: Наука. –366 с.

Е. Брусиловская. Царь яблок / газета «Столичная жизнь» 14.07.2005. –15 с.

Алматы көшелері. Анықтамалық энциклопедия. – Алматы: «ИП Волошин» баспасы, 2009.

Лотман Ю.М. (1994) Семиотика культуры в тартуско-московской семиотической школе. – Москва: Гнозис. –560 с.

REFERENCES

Golomidova M.V. (2017) Modern Urban Naming Practices: Strategic Approaches and Practical Solutions // Voprosy onomastiki, Volume 14, Issue 3. (in Russian)

Zharkynbekova. Konyratbayeva.t.b. (2016) // ENU Khabarshysy. № 1. 81 b. (in Kazakh)
Directory of streets of Almaty. - Almaty. 2019. - 485 p. (in Kazakh)

Podolskaya N.V. (1988) Dictionary of Russian Onomastic Terminology. 2nd edition, reprint. and add. / A. V. Superanskaya. – М.: Nauka. –192 p. (in Russian)

<https://2gis.kz/almaty>(in Russian)

Proskurin V.N. (2018) The city is Vernyi from the height of the Cathedral . – in the book: Traces of the Empires of Central Asian Culture from Alexander the Great to the Timurids. - Kabul -Bishkek. p. 75 -85 (in Russian)

Yakovleva E.A. (1996) «City»–«Urbotekst»–«Kollektivnyy gorozhanin»: On the problem of composing a communicative model // Bulletin of Bashkir University. No 2. p. 78-83. (in Russian)

Egorova L.V. (2018) On the issue of studying godonyms in the modern paradigm of linguistic research / Bulletin of the Chuvash University. № 2. P. 224-233 (in Russian)

Gorbanevskiy M.V. (1985) Names of the Moscow land. – М.: Moskovskiy rabochiy. –160 p. (in Russian)

Superanskaya A.V. (1973) General theory of the proper name. Moscow: Nauka. –366 p. (in Russian)

Е. Brusilovskaya. King of Apples / newspaper «Stolichnaya zhizn» 14.07.2005. –15 p. (in Russian)

Streets of Almaty. Reference encyclopedia. – Almaty: «IP Voloshin» typography. 2009. (in Kazakh)

Lotman Yu.M. (1994) Semiotics of culture in the Tartu-Moscow Semiotic school. –Moscow: Gnozis. – 560 p. (in Russian)